

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі
№ 44 отырыс хаттамасы)

б не к і т і л д і

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап

қолданысқа енгізілді

Қор нарығында орталық контрагентпен
жасалған мәмілелер бойынша ақшалай
есеп айырысуларды жүзеге асыру

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2019

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 17 наурызындағы № 8 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 27 қазанындағы № 38 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 28 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгерту мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 17 наурызындағы № 16 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 18 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 4 өзгерту мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 05 тамызындағы № 25 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 29 маусымындағы № 17 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына сәйкес әзірленді және орталық контрагенттің қатысуымен қор нарығында бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша ақшамен есеп айырысудың шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Ережелерде Биржаның "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Биржалық қызметтің ережелері), "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Клирингілік ережелер) атты ішкі құжаттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) банктік шот деп клирингілік қатысушының қазақстандық теңгедегі және/немесе шетел валютасындағы банктік шоты түсініледі, ол осы клирингілік қатысушы алдындағы Биржаның міндеттемелерін төлеуге Биржадан түсетін ақшаны есепке алу үшін пайдаланылады;
 - 2) кастодиандық шот деп бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы болып табылатын клирингілік қатысушының Клирингілік ережелерде анықталғандай, қазақстандық теңгедегі және/немесе шетелдік валютадағы банктік шоты түсініледі, ол Биржадан осы клирингілік қатысушы алдындағы Биржаның міндеттемелерін төлеуге түсетін ақшаны есепке алу үшін пайдаланылады;
 - 3) қызмет көрсететін банк деп банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиясы бар ұйым немесе клирингілік қатысушының банктік және/немесе кастодиандық шоты ашылған өзге есеп айырысу-клирингілік орталық түсініледі;
 - 4) ақшалай есеп айырысулар – орталық контрагенттің қатысуымен қор нарығында жасалатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысулар.
3. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Биржаның басқа ішкі құжаттарында, Биржаның хат алмасуында және биржалық ақпаратта да қолданылуы мүмкін.

2 бап. Есеп айырысулар туралы жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер орталық контрагенттің функцияларын орындай отырып, Биржа клирингілік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысу (бұдан әрі – ақшалай есеп айырысу) тәртібін анықтайды. Көрсетілген мәмілелер бойынша бағалы қағаздардағы есеп айырысулар, сондай-ақ Биржада жасалатын өзге де мәмілелер бойынша есеп айырысулар Биржаның өзге ішкі құжаттарына, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ережелер жиынтығына және қолданылатын заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Ақшалай есеп айырысулар клирингілік қатысушылардың Биржаның пайдасына төлемдер жүргізуін қамтиды:
 - 1) клиринг нәтижелері бойынша анықталған Биржа алдындағы міндеттемелерін орындау үшін;
 - 2) қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету мақсатында;

- 3) клиринглік қатысу сертификаттарын шығару үшін мүліктік пулға ақша аудару мақсатында *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.
3. Ақшалай есеп айырысулар клиринглік қатысушылардың пайдасына Биржа төлемдерін жүргізуді қамтиды:
 - 1) клиринг нәтижелері бойынша анықталған Биржаға қойылатын талаптарды орындау үшін;
 - 2) осы клиринглік қатысушылардың бұрын есепке алынған ақшаны Биржаның корреспонденттік шотына қайтару бойынша;
 - 3) клиринглік қатысушылардың олардың өтініштеріне сәйкес Биржаның корреспонденттік шотынан ақша аудару туралы талаптарын орындау үшін.
4. Клиринглік қатысушы үшін есеп айырысуды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады:
 - 1) Биржа алдындағы міндеттемелерді орындау кезінде-клиринг қағидаларына сәйкес клиринглік қатысушыларға қалыптастырылған және ұсынылған клиринглік есептер;
 - 2) клиринглік қатысушылар мәмілелерді қамтамасыз ету ретінде Биржаның корреспонденттік шотына ақша есептеген кезде-клиринглік қатысушылар дербес анықтайтын құжаттар.
5. Биржа үшін клиринглік қатысушылардың пайдасына қор нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуларды Биржаның жүзеге асыруы үшін негіз болып табылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) белгілі бір клиринглік сессия аяқталғаннан кейін қалыптастырылған қорытынды нетто-талаптардың және нетто-міндеттемелердің электрондық жиынтық ақпаратізімі;
 - 2) клиринглік қатысушылардың осы Ережелердің 9 бабына сәйкес жасалған өтініштері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) клиринглік қатысушылардың сауда-саттық күні мен клиринг нәтижелері бойынша осы күнгі соңғы клиринглік сессия аяқталғаннан кейін қалыптастырылған Биржаға қойылатын қорытынды талаптарының электрондық ақпаратізімдері *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
6. Әрбір клиринглік қатысушы Биржаның "Клиринглік қатысушылар туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес оған берілген санатты ескере отырып есеп айырысуды жүзеге асырады.
7. Биржа есеп айырысуларды тек "төлемге қарсы жеткізу" тәртіптемесінде жүзеге асырады, бұл Биржаның клиринглік қатысушының талаптарын орындауы осы клиринглік қатысушының Клиринглік ережелерге сәйкес анықталатын Биржа алдындағы міндеттемелерін толық орындағаннан кейін ғана мүмкін болатындығын білдіреді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

3 бап.

Биржаның корреспонденттік шоттары

1. Есеп айырысуды жүзеге асыру үшін Биржа Орталық депозитарийдегі Биржаның корреспонденттік шотын пайдаланады.

Клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарын сақтау үшін Биржа Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі қазақстандық теңгедегі корреспонденттік шотты пайдаланады.

2. Биржаның корреспонденттік шоттарының тізімі және олардың деректемелері туралы мәліметтер Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады.

Биржаның корреспонденттік шоттарының тізімі және/немесе олардың деректемелері өзгерген жағдайда Биржа бұл туралы клирингілік қатысушыларға электрондық пошта арқылы жеке хабарламалар жіберу және Биржаның интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаларды және Биржаның корреспонденттік шоттарының өзгертілген тізімін және/немесе өзгертілген деректемелерін жариялау арқылы хабарлайды.

Биржа клирингілік қатысушыларды Биржаның корреспонденттік шоттарының өзгертілген тізімін және/немесе өзгертілген деректемелерін есептеу кезінде қолдану басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің корреспонденттік шоттарының тізімінің және/немесе деректемелерінің өзгергені туралы хабардар етуге міндетті.

4 бап.

Клирингілік қатысушылардың банктік шоттары

1. Биржадан түсетін қазақстандық теңгені және/немесе шетел валютасын есептеу үшін банктер болып табылатын клирингілік қатысушылар қызмет көрсететін банктердегі мынадай шоттарды пайдалануға құқылы:

- 1) меншікті ақшаны есепке алу үшін бір меншікті мультивалюталық банк шоты немесе теңгедегі бір банк шоты және әрбір шетел валютасындағы бір банк шоты бойынша;
- 2) клиенттік ақшаны агрегацияланған есепке алу үшін бір меншікті мультивалюталық банк шоты немесе теңгедегі бір банк шоты және әрбір шетел валютасындағы бір банк шоты бойынша;
- 3) клиенттік ақшаны агрегацияланған кастодиандық есепке алу үшін бір меншікті мультивалюталық кастодиандық шот немесе теңгедегі бір кастодиандық шот және әрбір шетел валютасындағы бір кастодиандық шот бойынша.

Банктік емес ұйымдар болып табылатын клирингілік қатысушылар Биржадан түсетін қазақстандық теңгені және/немесе шетелдік валюталарды есепке алу үшін өз ақшаларын есепке алу үшін бірнеше банк шоттарын және клиенттік ақшаларды есепке алу үшін бірнеше банк шоттарын пайдалануға құқылы.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

2. Клирингілік қатысушылар Биржаға осы Ережелердің 1 қосымшасының нысаны бойынша теңгемен шоттардың немесе осы баптың 1 тармағында көрсетілген мультивалюталық шоттардың деректемелерін ұсынуға міндетті.

Клирингілік қатысушылар биржаға осы Ережелердің 2 қосымшасының нысаны бойынша осы баптың 1 тармағында көрсетілгендердің ішінен шетел валютасындағы шоттардың деректемелерін ұсынуға міндетті.

3. Клирингілік қатысушылар деректемелері осы баптың 2 тармағына сәйкес Биржаға берілген шоттардың деректемелері өзгергені немесе жабылғаны туралы Биржаға дереу хабарлауға міндетті.
4. Клирингілік қатысушы Биржаға шоттардың дұрыс емес деректемелерін беру сағдары үшін, сондай-ақ Биржаның осындай дұрыс емес деректемелерді пайдалануына байланысты Биржаның ықтимал залалдарын өтеуді қоса

алғанда, осы баптың 3 тармағында белгіленген міндеттерді бұзу салдары үшін толық жауапты болады.

- Егер клирингілік қатысушы биржадан түсетін ақшаны есепке алу үшін бірнеше банк шоттарын пайдаланған жағдайда, клирингілік қатысушы Биржаға ақша аударылуы тиіс банк шотын көрсете отырып, осы Ережелердің 6 қосымшасының нысаны бойынша Биржаға өтініш береді.

Әрбір осындай өтінішке клирингілік қатысушының трейдері немесе өзге уәкілетті қызметкері қол қоюы және Астана қаласының уақытымен 16.00-ге дейін Биржаға ұсынылуы тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Клирингілік қатысушының Биржа ақшаны есепке алуға арналған банктік шоты көрсетілген өтініші Биржаға ақпарат беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық нысанда ұсынылады". eTransfer.kz немесе қағаз тасығышта.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)

- Осы баптың 5 тармағында көрсетілген өтінішті, егер онда көрсетілген банктік және/немесе корреспонденттік шоттардың деректемелері Ережелердің осы бабына сәйкес клирингілік қатысушы Биржаға бұрын берген деректемелерге сәйкес келген жағдайда, Биржа қабылдайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
- Осы баптың 5-тармағында көрсетілген өтінішті осы баптың 5-тармағының екінші абзацында белгіленген мерзімде ұсынбаған кезде немесе осы баптың 6-тармағына сәйкес Биржа оны қабылдамаған жағдайда, бұрын биржаға берілген клирингілік қатысушы өтінішінің соңғысының күші болады *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

5 бап.

Корреспонденттік шоттардағы ақшаны ішкі есепке алу

- Биржаның клирингілік қатысушылардан осы Ережелердің 3 бабында көрсетілген Биржаның корреспонденттік шоттарына түсетін ақшаны ішкі есепке алуы мақсатында Биржа есеп шоттарын ашады және жүргізеді.
- Есепке алу шоттары банктік шоттар болып табылмайды және Биржа өзінің ақпараттық жүйелерінде тек қана оның активтері мен міндеттемелерін ішкі есепке алу мақсатында жүзеге асыратын, клирингілік қызметті жүзеге асыруға байланысты туындайтын, қор нарығында орталық контрагенттің функцияларын орындайтын жазбалардың жиынтығын білдіреді.
- Есеп шоттары жұмыс істеуі Биржа Басқармасы бекіткен Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын, Биржаның ішкі Есепке алу жүйесінің бөлігі болып табылады.
- Есеп шоттары қор нарығы мен Биржаның клирингілік қатысушыларына ашылады. Биржа Биржа мүшесіне қор нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесі берілген, ол клирингілік қатысушы ретінде қызметін жүзеге асырған және оны қор нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырған кезде тиісінше есеп шоттарын дербес ашады, жүргізеді және жабады. Бұл ретте клирингілік қатысушы тарапынан есептік шотты ашу, жүргізу немесе жабу үшін ешқандай іс-қимылдар қарастырылмаған.

Есеп шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың негіздері, тәртібі мен мерзімдері Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.

5. Есепке алу жүйесінде мынадай есеп шоттары ашылады:
- 1) әрбір клирингілік қатысушыға – оның Биржада өз атынан және өз мүддесі үшін жасаған мәмілелерін қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есеп шоты (меншікті есеп шоты);
 - 2) әрбір клирингілік қатысушыға – Биржада өз клиенттерінің атынан және олардың мүддесінде жасалған мәмілелерді қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есептік шот (агрегацияланған клиенттік шот);
 - 3) әрбір клирингілік қатысушыға – қор нарығының кепілдік қорына оның жарналарын есепке алу үшін бір есеп шот;
 - 4) бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы болып табылатын әрбір клирингілік қатысушыға – оның кастодиандық клиенттерінің мәмілелерін қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есеп шоты (агрегатталған кастодиандық шот);
 - 4-1) ақшаны есепке алу ережелері анықталған Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік қатысушылардың өзге есеп шоттары (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген*);
 - 5) Биржаға – ақшаны есепке алу ережелері анықталған Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қор нарығындағы орталық контрагент ретінде Биржаның талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға арналған есепке алу шоттары (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Биржаның клирингілік қатысушылардан Биржаның корреспонденттік шоттарына түсетін ақшаны сәйкестендіру мақсатында клирингілік қатысушылар төлем құжаттарында осы баптың 5 тармағында көрсетілген есепке алу шоттары бойынша ақшаны бірдей бөлуге мүмкіндік беретін арнайы кодтарды көрсетуі тиіс.
- Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген арнайы кодтар, сондай-ақ клирингілік қатысушы Биржаға осы клирингілік қатысушының пайдасына ақша аударуды жүзеге асыру қажет болатын банктік немесе кастодиандық шотты анықтау мақсатында осы Ережелердің 5 қосымшасының нысаны бойынша өтініш берген кезде белгіленуі тиіс.
- Мұндай кодтардың тізімін Биржаның есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі бекітеді және Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).

6 бап.

Биржаның пайдасына клирингілік қатысушылардың төлемдері

1. Қор нарығының кепілдік қорына жарналарды жүзеге асыру кезінде клирингілік қатысушы клиринг қағидаларына сәйкес Биржаның Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотына ақша есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.
2. Ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде клирингілік қатысушы осы Ережелерде белгіленген мерзімде Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына ақша есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Клирингілік қатысушылардың ақшасының Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына есепке алынғанын растау үшін

Биржа Орталық депозитарийдің құжаттарын ғана басшылыққа алады. Клирингілік қатысушылар ұсынған құжаттарды мұндай растау ретінде Биржа қабылдамайды және қарамайды.

3. "Қамтамасыз етілмеген" санатының немесе "жартылай қамтамасыз етілген" санатының клирингілік қатысушысы есеп айырысу-клирингілік сессияларды өткізу уақытын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген қор нарығындағы сауда-саттық бойынша нетто-міндеттемелерді орындау уақытынан кешіктірмей Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына өзінің нетто-міндеттемелерін төлеуге ақша есептеуді қамтамасыз етуге міндетті (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).
4. "Толық өтемі бар" санатының клирингілік қатысушысы Биржаның Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына осындай бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім берген сәтке дейін өзі сатып алатын бағалы қағаздарды төлеу үшін ақша аударуды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте мұндай есепке алу қор нарығында сауда-саттық күні басталғанға дейін де, осы сауда-саттық күні ішінде де жүзеге асырылуы мүмкін.
5. Клирингілік қатысушыға есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде төлемдерді Биржаның пайдасына оның филиалдарына, еншілес ұйымдарына немесе кез келген өзге үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген тыйым клирингілік қатысушының Биржа алдындағы міндеттемелерін өз бетінше орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда Биржа Басқармасы Төрағасының немесе Биржаның есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесінің жазбаша рұқсатымен қолданылмауы мүмкін. Бұл жағдайда клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін орындай алмау себептерінің сипаттамасын, сондай-ақ клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындау бойынша төлемді жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы мен банктік деректемелерін қамтитын өтініш беруге тиіс. Өтінішке қол қою үлгілері бар Биржаға ұсынылған құжатқа сәйкес осы клирингілік қатысушының атынан бірінші қол қою құқығы бар тұлға қол қоюы тиіс.

7 бап.

Клирингілік қатысушылардың пайдасына Биржаның төлемдері

1. Клирингілік қатысушылардың пайдасына Биржаның төлемдері мыналарға бөлінеді:
 - 1) сауда-саттық күні және клиринг қорытындылары бойынша төлемдер;
 - 2) клирингілік қатысушыларға олардың өтініштеріне сәйкес төлемдер.
2. Биржа Орталық депозитарийге осы Ережелердің 3 қосымшасында көрсетілген уақыттан кешіктірмей (осы баптың 3 және 4 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер мен шектеулерді ескере отырып) сауда-саттық күні мен клирингтің қорытындылары бойынша ақша аударуға нұсқау беруге міндетті.
3. Биржа, қандай да бір клирингілік қатысушы сауда-саттық күні мен клиринг қорытындылары бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамаған жағдайда және / немесе Клирингілік ережелерге сәйкес жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауын реттеу рәсімдері жүргізілген жағдайда, Орталық депозитарийге сауда-саттық күнінің және осы күнгі соңғы клирингілік сессияның қорытындылары бойынша осы Ережелердің 3 қосымшасында көрсетілген уақыттан кешіктіріп ақша аударуға жеке нұсқау (жекелеген нұсқаулар) беруге құқылы.
4. Клирингілік қатысушы осы Ережелердің 4 қосымшасының нысаны бойынша ұсынған, клирингілік қатысушының пайдасына Биржа төлемдерінің сомасы қандай да бір күні Биржаның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау ниеті

туралы өтініште көрсетілген сомаға, сондай-ақ клирингілік қатысушының қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін ескере отырып, орындалу мерзімі келген, Биржа алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің сомасына азайтылуға жатады.

5. Биржа орталық депозитарийге клирингілік қатысушыға оның осы Ережелердің 9 бабына сәйкес қалыптастырылған және Биржаға берілген ақша аудару туралы өтінішін орындау үшін осы Ережелердің 3 қосымшасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей (осы баптың 6 және 7 тармақтарында белгіленген шектеулерді ескере отырып) ақша аударуға нұсқау беруге міндетті.
6. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген өтініштерді алған кезде Биржа олардың осы Ережелердің 9 бабында белгіленген шарттарға сәйкестігін тексереді. Егер мұндай өтініш осы Ережелердің 9 бабында белгіленген шарттардың кез келгеніне сәйкес келмесе, Биржа ақша аударымына өтінішті қабылдаудан бас тартуға міндетті.
7. Биржа орталық депозитарийге көрсетілген өтінішті алғаннан кейін бір сағат ішінде, қор нарығында бірінші есеп айырысу-клиринг сессиясын өткізу кезінде өтініштерді өңдеуді тоқтата тұру кезеңін қоспағанда, осы клирингілік қатысушының өтініші бойынша ақша аударымы осы Қағидалардың 9-бабының 2-тармағында көрсетілген оның қор нарығының бірыңғай лимитінің теріс мәнін немесе сомалар айырмасының теріс мәнін қалыптастыруға әкелмеген жағдайда, өтінішке сәйкес қандай да бір клирингілік қатысушыға ақша аударуға нұсқау береді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

8 бап.

Биржаның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау

1. Клирингілік қатысушы сауда-саттық күні мен клирингтің нәтижелері бойынша өзінің банктік немесе кастодиандық шотына аударуға жататын ақшаны осы Ережелердің 4 қосымшасының нысаны бойынша өтініш беру арқылы Биржаның корреспонденттік шотында сақтауға құқылы.

Клирингілік қатысушы клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету ретінде мүлктік пулға жарна ретінде Биржаның корреспонденттік шотына есептеген ақша клирингілік қатысушы осы Ережелердің 7 бабының 5-7 тармақтарына сәйкес осы ақшаны қайтаруға өтініш бергенге дейін Биржаның корреспонденттік шотында сақталады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.

Клирингілік қатысушымен Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде (бұдан әрі – ШОБ) жасалатын, Ұлттық Банктің банкаралық операциялар бойынша есеп айырысуларының аяқталу жүйесіне қатысу үшін кепілді қамтамасыз ету ретінде Биржаның корреспонденттік шотына аударылған ақша, клирингілік қатысушы ақша аударуға өтініш бергенге дейін, осы Ережелердің 7 бабының 5-7 тармақтарына сәйкес, Биржаның корреспонденттік шотында сақталады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

2. Биржаның корреспонденттік шотындағы ақшаны сақтауға өтініш бір жолғы – ағымдағы күні әрекет етуі немесе уақыт кезеңі ішінде әрекет етуі мүмкін.

Клирингілік қатысушылардан корреспонденттік шотта ақшаны сақтау туралы өтініштерді қабылдаудың соңғы уақыты осы Ережелердің 3 қосымшасында белгіленген. Биржа көрсетілген уақыттан кейін қабылдаған өтініш, осы өтініш уақыт кезеңі ішінде қолданыста болған жағдайда, келесі жұмыс күнінен бастап орындалады.

3. Осы Ережелердің 4 қосымшаның нысаны бойынша өтінішке трейдер немесе клирингілік қатысушының уәкілетті қызметкері қол қояды және ол "eTransfer.kz" ақпаратты беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық нысанда немесе қағаз жеткізгіштегі құжатпен ұсынылуға тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.

9 бап.

Клирингілік қатысушылардың ақша аудару туралы өтініштер беру шарттары

1. "Жартылай қатамасыз етілген" санатындағы клирингілік қатысушы, осы Ережелердің 3 қосымшасында белгіленген, қор нарығындағы сауда-саттық күнінің басынан бастап Биржаға өтініш берудің соңғы уақытына дейінгі мерзімде, клиенттердің сегрегацияланған шоттарынан басқа, ASTS+ сауда-клиринг жүйесінде оның сауда-клиринг шоттары бойынша көрсетілетін, бірыңғай шектеліммен өлшенетін, мұндай шектелім Клирингілік ережелермен анықталғандай, қор нарығын қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың сомасына азайтылған, оның ақша бойынша жоспарлы жайғасымының оң мәнінен аспайтын мөлшерде ақшаны қайтаруға осы Ережелердің 5 қосымшасының нысаны бойынша Биржаға өтініш беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. "Толық қамтамасыз етілген" санатының клирингілік қатысушысы қор нарығындағы сауда-саттық күнінің басынан бастап, осы Ережелердің 3 қосымшасында белгіленген, Биржаға өтініш берудің соңғы уақытына дейін, клирингілік қатысушы Орталық депозитарийдегі Биржаның корреспонденттік шотына аударған және Клирингілік ережелерге сәйкес анықталған оның орындалмаған міндеттемелерін қамтамасыз ету ақша сомасы арасындағы айырманың оң мәнінен аспайтын мөлшердегі ақшаны қайтаруға осы Ережелердің 5 қосымшасының нысаны бойынша Биржаға өтініш беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 2-1. Мүліктік пулға қатысушы болып табылатын клирингілік қатысушы, егер мұндай алып қою осындай өтініш беру кезінде осы клирингілік қатысушының орындалмаған мәмілелерінің, оның ішінде репо нарығындағы мәміленің нысанасы немесе қамтамасыз етілуі болып табылатын, өзіне тиесілі клирингілік қатысу сертификаттарын өтеуге әкеп соқпаса, клирингілік қатысу сертификаттарын шығару үшін мүліктік пулдан ақшаны алып қоюға өтініш беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 05 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.
- 2-2. Қазақстан Республикасының аумағында БТКЖ-де жасалатын Ұлттық Банктің банкаралық операциялар бойынша есеп айырысуларының аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы болып табылатын, Клирингілік қатысушы, БТКЖ есеп айырысуды аяқтау бойынша оның міндеттемелері мөлшерінде Ұлттық Банктің пайдасына немесе, кепілді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеруді ескере отырып, қол жетімді ақша қалдығы мөлшерінде осы клирингілік қатысушының пайдасына ақша аударуға өтініш беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.
3. Осы Ережелердің 5 қосымшасының нысаны бойынша өтініштер "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, тек қана XML-форматта электрондық нысанда ресімделеді және Биржаға ұсынылады.
4. Клирингілік қатысушылардан осы баптың 1 және 2 тармақтарында көрсетілген ақша аудару туралы өтініштерді қабылдаудың соңғы уақыты осы Ережелердің 3 қосымшасында анықталған.

5. Осы баптың күші клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын қайтару жағдайларына қолданылмайды. Кепілдік жарнаны қайтару шарттары мен тәртібі Клирингілік ережелерде белгіленген.

10 бап. Есеп айырысуды жүзеге асыру кезіндегі шектеулер

1. Клирингілік қатысушыны, клирингілік қатысушы-БТКЖ қатысушысының клиентін, олардың бенефициарлық меншік иелерін немесе клирингілік қатысушыны, БТКЖ қатысушысы-клирингілік қатысушының клиентін тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымды, клирингілік қатысушының клиентін террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізбесіне және терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты адамдардың тізбесіне жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізген кезде, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдер, Биржа осындай клирингілік қатысушының және оның клиенттерінің, клирингілік қатысушының клиентінің-БТКЖ қатысушысының немесе клирингілік қатысушының клиентінің ақшасымен операцияларды тоқтату жөніндегі іс-шараларды, клиенттердің операцияларына тыйым салу тәртібін реттейтін Биржаның ішкі құжатына сәйкес, жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес, осы баптың 1 тармағында көрсетілген, Биржа клирингілік қатысушымен және оның клиенттерімен, клирингілік қатысушы-БТКЖ қатысушысының клиентімен, клирингілік қатысушының клиентімен есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операцияларды қайта бастайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Клирингілік қатысушыға, клирингілік қатысушының клиентіне-БТКЖ қатысушысына, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне Биржа үшін қандай да бір тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін халықаралық санкциялар/тыйым салулар/шектеулер және өзге де шаралар қолданылған жағдайда, Биржа біржақты тәртіппен осы клирингілік қатысушымен есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

11 бап. Биржаның клирингілік қатысушының есеп айырысу талабын орындамауы

1. Осы Ережелердің 9 бабында белгіленген шектеулерді және 10 бабының нормаларын ескере отырып, клирингілік қатысушының есеп айырысу талабын Биржаның орындамауы мынадай жағдайлардың кез келгені болып табылады:
 - 1) осы клирингілік қатысушының есеп айырысу талабының сомасын есеп айырысуды жүзеге асырған күнгі сауда-саттық күні мен клирингтің қорытындылары бойынша оның банктік немесе кастодиандық шотына есепке жатқызу немесе толық емес көлемде есепке жатқызу *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 2) клиринглік қатысушының ақшаны қайтару бойынша орындалуы тиіс талабының сомасын есепке жатқызбау немесе толық емес көлемде есепке жатқызу;
 - 3) клиринглік қатысушының банктік немесе кастодиандық шотының деректемелерін сауда-саттық күні мен клирингтің қорытындылары бойынша оның есеп айырысу талабын төлеуге төлемді жүзеге асыру кезінде бұзу *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) Биржаның осы Ережелердің 3 қосымшасында белгіленген қор нарығындағы сауда-саттық бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентін бұзуы.
2. Талаптарын Биржа орындамаған клиринглік қатысушы келтірілген залалды және/немесе тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы өтінішпен даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссияға жүгінуге құқылы.

12 бап. Клиринглік қатысушының Биржаның есеп айырысу талабын орындамауы

1. Клиринглік қатысушының Биржаның есеп айырысу талабын орындамауы:
 - 1) Биржаның корреспонденттік шотына есеп айырысуды жүзеге асырған күні осы клиринглік қатысушының ақшасындағы нетто-міндеттеме сомасын есепке жатқызбау немесе толық емес көлемде есепке жатқызу;
 - 2) Биржаның корреспонденттік шотының деректемелерін оның нетто-талабын төлеуге төлемді жүзеге асыру кезінде бұзу;
 - 3) клиринг қатысушысының есеп айырысу-клиринглік сессияларын өткізу уақытын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген қор нарығындағы сауда-саттық бойынша нетто-міндеттемелерді орындау үшін ақшалай есеп айырысу мерзімдерін бұзуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайлардың кез келгені анықталған кезде Биржаның есеп айырысу бөлімшесі мұндай жағдай туралы ақпаратты Клиринглік ережелерге сәйкес осындай клиринглік қатысушыға қатысты іс-қимыл жасайтын клиринглік бөлімшеге береді.

13 бап. Биржаның жауапкершілігін шектеу

1. Биржа клиринглік қатысушылармен есеп айырысуды уақтылы жүзеге асыру үшін өз құзыретіне кіретін шараларды қабылдайды.
2. Биржа мыналарды орындамағаны үшін жауапты емес:
 - 1) егер осы клиринглік қатысушы қандай да бір күні Биржа алдындағы өз міндеттемесін толық немесе ішінара орындамаса, клиринглік қатысушының осы күнгі талаптары үшін;
 - 2) егер Орталық депозитарий осы клиринглік қатысушыға, оның бас ұйымына немесе бенефициарлық меншік иесіне қатысты ақша аудару мүмкіндігін қосымша тексеру және/немесе сәйкестендіру және/немесе бағалау процедураларын немесе Орталық депозитарийдің осы клиринглік қатысушыға ақша аударуға арналған нұсқауды орындамауы, толық немесе уақтылы орындамауы салдары болып табылатын өзге процедураларды жүргізсе, клиринглік қатысушының нетто-талаптары.
3. Биржаның қор нарығындағы орталық контрагент ретіндегі жауапкершілігі Клиринглік ережелерге және Биржаның өзге де қолданылатын ішкі құжаттарына сәйкес шектелген.

4. Кез келген жағдайда Биржа төлейтін тұрақсыздық айыбының мөлшері клирингтік қатысушының орындалмаған талабы мөлшерінің (клирингтік қатысушылардың орындалмаған талаптары) 0,05 % аспауы тиіс.

14 бап. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп мыналар тұспалданады:
 - 1) өрт, жер сілкіністері және өзге де дүлей зілзалалар, соғыс, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары, ереуілдер, локауттар, эмбарго, мемлекеттік органдар белгілеген тыйым салулар мен шектеулер;
 - 2) Биржа, Орталық депозитарий және/немесе клирингтік қатысушылар есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК бағдарламалық-техникалық құралдарының ақаулығы.
2. Қазақстан Республикасының тиісті (құзыретті) органының немесе тиісті мемлекеттің өзге де құзыретті органының (ұйымының) құжаты осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар арасынан еңсерілмейтін күш жағдайларының басталу фактісін растайтын және оның қолданылу ұзақтығын анықтайтын құжат болып табылады.
3. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайының басталу фактісін растайтын және оның қолданылу ұзақтығын анықтайтын құжат "Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қойған анықтама немесе өзге құжат болып табылады.
4. Еңсерілмейтін күш жағдайының туындауына байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру мүмкін еместігі туындаған тұлға осындай есеп айырысулар шеңберінде төлемдер бенефициарларын еңсерілмес күш жағдайының басталуы, оның қолданылуының болжамды мерзімі және оның тоқтатылуы туралы дереу хабардар етуге міндетті.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұлға клирингтік қатысушы болып табылса, мұндай клирингтік қатысушы Биржаға оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы баптың 2 тармағында немесе 3 тармағында көрсетілген құжатты ұсынуға міндетті.
5. Биржа және/немесе клирингтік (клирингтік) қатысушы (қатысушылар) қандай да бір бұзушылық, талаптар және/немесе міндеттемелер туындағаннан кейін басталған және Биржа және/немесе клирингтік (клирингтік) қатысушы (қатысушылар) алдын ала болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын, еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекетінен туындаған жағдайда талаптарды және/немесе міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімдері осындай жағдайдың әрекеті уақытына мөлшерлес кейінге шегеріледі.

15 бап. Тұжырымды қағидалар

1. осы Ережелермен реттелмеген, осы Ережелердің 2 бабында анықталған, ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты жағдайлар, сондай-ақ қор нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты кез келген келіспеушіліктер Даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссияның шешуіне жатады. Осындай шешу мүмкін болмаған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай
есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері

2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен сиретпей өзектендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А. Ө.

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

1 қосымша

**Банктік шоттың
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

(клиринглік қатысушының атауы)	Парақ ¹
Берілген күні және уақыты	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгендерге қосымша ²
Банк шотының деректемелері қолданыла бастайтын күні	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгеннің орнына ²
Клиринглік қатысушының банктік шотының түрі	<input type="checkbox"/> Алғашқы рет беріледі ²
	<input type="checkbox"/> Өз ақшасын есепке алуға арналған меншікті банктік шот ²
	<input type="checkbox"/> Клиенттік ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот ²
	<input type="checkbox"/> кастодиандық банктік шот ²

Бенефициардың атауы ³	
Банктік шоттың нөмірі (ЖСК ⁴)	
БСН ⁵	
Бенефициар банктің атауы ⁶	
Бенефициар банктің БСК ⁷	
Кбе ⁸	

¹ "N-нан X парағы" форматында.

² Қажетті нұсқаны × немесе ✓ белгімен белгілеңіз.

³ Осы қосымшада бенефициар деп клиринглік қатысушы түсініледі.

⁴ Банк шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру коды.

⁵ Клиринглік қатысушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса).

⁶ Клиринглік қатысушының банк шоты ашылған қызмет көрсететін банк ұйымының атауы.

⁷ Клиринглік қатысушының банктік шоты ашылған қызмет көрсететін банк ұйымының банктік сәйкестендіру коды.

⁸ Бенефициар коды.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

[Бас бухгалтер лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

Қолтаңбалар тексерілді

(Тексерген Биржа қызметкерінің жеке мөрі,
тексерген күні)

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

2 қосымша

**Шетел валютасындағы банктік шоттар
ТІЗІМДЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

(клирингтік қатысушының атауы ³)	Парақ ¹
	(валюта код ²)
	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгенге қосымша ⁴
Берген күні және уақыты	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгеннің орнына ⁴
Банктік шоттың деректемелері қолданыла бастаған күні	<input type="checkbox"/> Алғашқы реті беріледі ⁴
Клирингтік қатысушының банктік шотының түрі	<input type="checkbox"/> Өз ақшасын есепке алуға арналған меншікті банктік шот ⁴
	<input type="checkbox"/> Клиенттік ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот ⁴
	<input type="checkbox"/> кастодиандық банктік шот ⁴
Қызмет көрсететін банк ұйымының атауы және мекен-жайы ⁵	
Банк шотының нөмірі	
Клирингтік қатысушының SWIFT BIC	
SWIFT BIC және қызмет көрсететін банк ұйымының өзге де сәйкестендіргіштері	
Делдал банктің атауы, мекен-жайы және SWIFT BIC ⁶	
Қызмет көрсететін банк ұйымының БСК және СТН ⁷	
Қызмет көрсететін банктік ұйымның РФ ОБ-дегі ⁸ корреспонденттік шоты ⁷	

¹ "N-нан X парағы" форматында. Валютаның әрбір түрі бойынша деректемелердің жеке тізімі беріледі.

² Валютаның кодтық белгіленуі – USD, EUR, RUB, CNY.

³ Орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы. Ресей рублімен деректемелерді ресімдеу кезінде транслитерациядағы атауын да көрсету қажет SWIFT- RUR6.

⁴ Қажетті нұсқаны x немесе ✓ белгісімен белгілеңіз.

⁵ Ресей рубліндегі деректемелерді толтыру кезінде орыс тіліндегі және транслитерациядағы атауын көрсету қажет SWIFT-RUR6.

⁶ Делдал банк болған жағдайда толтырылады.

⁷ Ресей рублімен деректемелерді ресімдеу кезінде толтырылады.

⁸ Ресей Федерациясының Орталық Банкі.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

[Бас бухгалтер лауазымы]

[қолы]

[Инициалдары, тегі]

**Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай
есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері**

Қолтаңбалар тексерілді

(Тексерген Биржа қызметкерінің жеке мөрі,
тексерген күні)

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

3 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы және 2020 жылдың 27 қазанындағы шешімдерімен өзгертілген)

Қор нарығындағы сауда-саттық бойынша төлемдерді жүзеге асыру

РЕГЛАМЕНТІ

Осы қосымшада есеп айырысуды жүзеге асыратын Астана қаласының уақыты көрсетілген *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 29 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

1 кесте. Клирингілік қатысушылардың өтініштері бойынша ақша аударымдарына байланысты төлемдер

Валюта	Биржаға өтініш берудің соңғы уақыты	Биржаның аударуының соңғы уақыты*
A	1	2
ТЕҢГЕ	18.00	19.30
ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ	18.00	19.30

2 кесте. Сауда-саттық күні және клиринг қорытындылары бойынша төлемдер

Валюта	Биржаның аударуының соңғы уақыты**
A	1
ТЕҢГЕ	19.30
ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ	19.30

3 кесте. Биржаның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтініштерді қабылдау

Валюта	Биржаның өтініштерді қабылдауының соңғы уақыты
A	1
ТЕҢГЕ	18.00
ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ	18.00

* Биржа орталық депозитарийге клирингілік қатысушыларға олардың өтініштеріне сәйкес ақша аударуға нұсқау беретін уақыт.

** Биржа Орталық депозитарийге клирингілік қатысушыларға осы күнгі соңғы клирингілік сессия аяқталғаннан кейін қалыптастырылған сауда-саттық күні мен клиринг нәтижелері бойынша олардың Биржаға қойылатын қорытынды талаптарын төлеуге ақша аударуға нұсқау беретін уақыт.

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

4 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

Биржаның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы

Ө Т І Н І Ш

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клиринглік қатысушының атауы)	Өтінішті беру күні
	Өтініш беру уақыты
	Өтініш қолданыла бастайтын күн
Клиринглік қатысушының есеп шотының түрі	<input type="checkbox"/> меншікті есеп шоты ²
	<input type="checkbox"/> агрегацияланған клиенттік шот ²
	<input type="checkbox"/> агрегацияланған кастодиандық шот ²
Өтініштің қолданылу мерзімі	<input type="checkbox"/> бір жолғы ²
	<input type="checkbox"/> тұрақты қолданылатын ²

Осы өтінішімен жоғарыда аталған клиринглік қатысушы Биржаның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау ниеті туралы мәлімдейді:

Валюта	Валютаның сомасы (сандармен және жазумен) ³
(валюта коды ¹)	

¹ Валютаның кодтық үш әріптік белгіленуі, мысалы: KZT, USD.

² Қажетті нұсқаны × немесе ✓ белгісімен белгілеңіз.

³ ВБиржаның корреспонденттік шотындағы барлық қол жетімді қалдықты сақтау ниеті болған жағдайда "валюта сомасы (санмен және жазумен)" бағанын толтыру талап етілмейді.

Осы өтініш клиринглік қатысушы кейінірек басқасын бермегендіктен қолданылады.

Клиринглік қатысушының атынан (Трейдердің қолы, инициалдары, тегі)	Трейдердің қолы тексерілді <input type="checkbox"/> қабылданды <input type="checkbox"/> қабылданбасы Қабылдаудан бас тарту себебі:
-----------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай
есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері

(Тексеріен Биржа қызметкерінің жеке мөрі,
тексерген күні)

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

5 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

Клирингтік қатысушының пайдасына ақша аудару туралы

Ө Т І Н І Ш

xml-файлды қалыптастыру бойынша маманданым

Кодтау – **utf-8**.

Файл атауы үш бөлімнен тұрады.

Файл атауының мысалы:

XML20KASPI5.xml

Секциялардың сипаттамасы:

Форматтың атауы	Всегда XML20
Клирингтік қатысушының коды	Мысалы, KASPI
Хабарламаның реттік нөмірі	Әрқашан хабарлама ішіндегі "NUMBER" өрісіндегі мәнге тең

Файл міндетті өзгермейтін тақырыпты қажет етеді:

<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>

Барлық файл тегтері **<MESSAGE>** түбір тегінде болады. Барлық тегтердің болуы, тіпті бос мәнмен де қажет. Жоғарғы регистр қолданылады.

Файл ішіндегі тегтердің сипаттамасы:

<NUMBER>	Міндетті түрде. Хабарламаның бірегей реттік нөмірі
<DATETIME>	Міндетті түрде. Хабарламаны қалыптастыру күні мен уақыты, dd.mm.yyyy hh24:mi:ss форматында. Мысалы: 18.06.2019 14:00:55
<FIRMCODE>	Міндетті түрде. Сауда-саттыққа қатысушының коды
<BIN>	БСН, бар болса
<CURRENCY>	Міндетті түрде. Халықаралық форматтағы валюта коды. KZT немесе USD
<AMOUNT>	Шығаруға арналған сома. Бос мән барлық қол жетімді сома ретінде қабылданады. Мысалы: 80000000.00
<ACCOUNTTYPE>	Міндетті түрде. Ақша аударымы жүзеге асырылатын есептік шотты таңдауға арналған код.
<IBAN>	Банктік шот нөмірі. Егер көрсетілмесе, бұрын берілген банк шотының деректемелері пайдаланылатын болады.
<TRADER>	Міндетті түрде. Трейдердің немесе толық уәкілеттік берілген қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса). Мысалы: Иванов Михаил Михайлович.

Файл үлгісі толығымен:

<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>

<MESSAGE>

<NUMBER>5</NUMBER>

<DATETIME>18.06.2019 14:00:55</DATETIME>

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай
есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелері

<FIRMCODE>KASPI</FIRMCODE>
<BIN>020140007102</BIN>
<CURRENCY>KZT</CURRENCY>
<AMOUNT>80000000.00</AMOUNT>
<ACCOUNTTYPE>OWNI</ACCOUNTTYPE>
<IBAN>KZ89826A1KZTD2004583</IBAN>
<TRADER>Иванов Михаил Михайлович</TRADER>
</MESSAGE>

Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру қағидаларына

6 қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 17 наурызындағы шешімімен енгізілген)

Биржаның ақша аударуы үшін банк шотын көрсету туралы

Ө Т І Н І Ш

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клирингтік қатысушының атауы)	Өтінішті беру күні
	Өтініш беру уақыты
	Өтініш қолданыла бастайтын күн

Осы өтінішімен жоғарыда аталған клирингтік қатысушы сауда-саттық күні мен клиринг нәтижелері бойынша қазақстандық теңге немесе шетел валютасы мынадай қызмет көрсететін банктердегі мынадай банктік шоттарға аударылуы тиіс екенін хабарлайды:

Валюта	Қызмет көрсететін банк ¹ /банктік шоттың деректемелері ²	Аударылатын валюта сомасы ³
(валюта коды ⁴)		

¹ Қызмет көрсететін банктің атауын көрсету қажет.

² Клирингтік қатысушы Биржаға берген теңгедегі немесе шетел валютасындағы банк шотының деректемелері.

³ Қазақстандық теңге немесе шетел валютасы банк шоттарының біреуіне ғана аударылған жағдайда, "сома" бағанын толтыру міндетті емес.

⁴ Валютаның кодтық белгіленуі.

Осы өтініш клирингтік қатысушы кейінірек басқасын бермегендіктен қолданылады.

Клирингтік қатысушының атынан (Трейдердің қолы, инициалдары, тегі)	Трейдердің қолы тексерілді (Тексеріен Биржа қызметкерінің жеке мөрі, тексерген күні)
---------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------